

**НҮРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВ ФИНЛЯНДИЯ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ САУЛИ
НИИНИСТЁМЕН БІРГЕ
ФИНЛЯНДИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ПАВИЛЬОНЫН АРАЛАП КӨРДІ.**

22

МАУСЫМ
БЕЙСЕНБІ

2017 жыл
№92 (19378)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ҰЛТТЫҚ ПАВИЛЬОНДЫ АРАЛАДЫ



Екі елдің Президенттері Финляндияның ұлттық павильонындағы экспозициялармен танысып, «Нұр Өлем» кешенінде орналасқан Қазақстанның көрме павильонын аралап көрді.

Сондай-ақ, мемлекеттер басшылары көрме кешенінің Конгресс-орталығында екіжақты келіссөз жүргізді.

Нұрсұлтан Назарбаев С.Ниинистёге елімізге сапармен келіп, Финляндия павильонын ашуға қатысқаны үшін алғыс айтып, екі ел арасындағы қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Біздің қарым-қатынасымыз – үлгі етуге тұрарлық. Біз бірнеше рет түрлі әлемдік басқосуларда жүзделістік. Финляндия «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу орнын таңдап, сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі мәртебесін алу кезінде бізге қолдау білдірді. Қазақстан да халықаралық аренада Финляндияны әрдайым қолдап келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екіжақты байланыстарды дамытудың маңыздылығына тоқталып, өнеркәсіп, фармацевтика, ақпараттық технологиялар, білім және медицина сияқты салалардағы қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенімізді айтты.

С.Ниинистё Нұрсұлтан Назарбаевқа кездесудің ұйымдастырылғаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның жаһандық және өңірлік өзекті мәселелерді шешудегі рөліне тоқталды.

Сіздің екіжақты қарым-қатынас мәселелеріне ғана емес, сонымен бірге жаһандық проблемаларға қатысты пікіріңіз де мен үшін әрдайым маңызды. Қазір бүкіл әлем Қазақстанда өтіп жатқан келіссөздерге көз тігіп отыр. Бұл – Астанадағы Сирияға қатысты келіссөздер, – деді Финляндия Президенті.

С.Ниинистё Мемлекет басшысына ұлттық павильонмен танысқаны үшін алғыс айтып, Финляндияға сапармен келуге шақырды.

ЕЛОРДАНЫҢ ӘУЕ ҚАҚПАСЫ ЕЛБАСЫ ЕСІМІМЕН АТАЛАДЫ

Астана халықаралық әуежайы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен аталатын болды. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Б.Сағынтаев қол қойған Астана халықаралық әуежайын қайта атау туралы қаулы мәтіні жарияланды.

Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларына сәйкес, Астана халықаралық әуежайы «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» болып қайта аталды.



ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

Кеше қаланың Орталық алаңында 23 маусым – Қазақстан полициясы күніне орай салтанатты жиын өтті. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, құқық қорғаушыларды мерекемен құттықтап, автокөліктердің кілтін табыстады.



– Қоғамда қылмысты болдырмау мен құқық бұзушылықтың алдын алу тікелей тәртіп сақшыларына байланысты. Ал осы міндетті мінсіз атқару үшін материалдық-техникалық база нығайтылуы қажет. Соңғы 4 жылда осы бағытқа бөлінген қаржы 6,5 млрд теңгеге жетті. Быыл да осындай бірқатар шара атқаруды көздеп отырмыз. Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмыстары нәтижесінде облыста қылмыс көлемі 11 пайызға азайды. Елге адал қызмет етіп, халықтың қорғаушысы болыңыздар, – деді аймақ басшысы.

Шара барысында «Toyota Corolla» маркалы 69 автокөліктің кілті табыс етілді. Бұл қызметтік көлік жол-патрульдік полиция батальонына пайдалануға берілмек. Оң кезегінде ол жұмыс жеделдігін арттыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, аймақ басшысы орталық алаңдағы стационарлы полиция бекетінің ашылу рәсіміне қатысты. Құқық қорғаушылардың бақылау орны заманға сай жабдықталып, компьютер, бейнекамера, қажетті техникалармен қамтамасыз етілген. Мұндай ынғайлы бекеттер Ресейдің Самара қаласындағы тәжірибе бойынша жасалып отыр. Енді осыған ұқсас 13 бекет қаланың өзге аумақтарынан ашылады. Айта кетейік, мұндай ынғайлы бақылау орны еліміз бойынша тек Қызылорда қаласында қолданыса еніп отыр. ***

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қазақстан полициясы күніне орай облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен мерекелік шара өтті. Салтанатты кешке ішкі істер органы қызметкерлері мен ардагерлер қатысты.

Осыдан 25 жыл бұрын 23 маусымда «ҚР Ішкі істер органдары туралы» заң қабылданып, кейін осы дата мереке болып белгіленді. Содан бері шпектас гасыр ішінде құқық саласында реформалар жасалып, қоғамдық тәртіпті нығайту жолында түрлі шаралар қолға алынды. Қылмыс пен қоғамдық тәртіптің алдын алуға орган қызметкерлері өлшеусіз үлес қосты. Шара барысында сөз алған аймақ басшысы құқықтық сана қалыптастырудағы полиция қызметкерлерінің еңбегін атап өтіп, мереке иелерінің мерейін өсірді.

– Еліміздің тыныштығы мен халқымыздың аманлығы бәрінен де қымбат екенін Елбаса үнемі айтып келеді. Ішкі істер органдары қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қалыптасып отырған ерекше қызметкерлер ретінде алдын алуға уақытпен санаспай, қатерге қарсы жүріп қызмет ететін сақшыларға қашан да қоғамның алғысы ерекше. Тәуелсіздік алған жылдан бері қарай ішкі тұрақтылық пен келісімнің нығаюына айрықша атсалысып, антақ адалдық танытып келесіздер. Айналамызда



түрлі қаттығыстар орын алып жатқанда сіздердің жауапкершіліктеріңізді, арқасында мемлекетімізде мұндай оқиғаларға жол берілген жоқ. Бұл сіздердің батылдығыңыз бен Отанға деген сүйіспеншіліктеріңізді білдіреді, – деді аймақ басшысы.


Сондай-ақ, салтанатты шара барысында өз ісін жауапкершілікпен атқарған департамент қызметкерлері түрлі марапатқа иікті.

Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымовтың жеделхаты оқылды. Онда елге адал қызмет етіп жүрген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жылы лебіздер айтылған. Ішкі істер министрінің құзырымен 24 қызметкер марапатталса, 210 қызметкерге «Қазақстан полициясына – 25 жыл» мерекелік төсбелгісі табысталды.

Областық ішкі істер департаментінің басшысы Қ.Мұхитов қызметкерлер мен ардагерлерге мерекелік тілегін жеткізді. Мерекелік кеш одан әрі эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың әншілеріне ұласты.

**М.ЖАСҰЛАНҰЛЫ,
Б.ЕСЖАНОВ (сурет).**

ЭТНОАУЫЛ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ ӨМІРШЕҢ ҮЛГІСІ



Болашақ энергиясы тақырыбына арналған ЭКСПО-2017 көрмесі тек жанау технологиялар мен ғылыми жаңалықтардың алаңы емес, халықтар мәдениетімен танысатын маңызды шара. Түркі дүниелен ағылған туристер қазақ халқының бүгінгінен ғана емес, өткеннен де ой түйгісі келетін анық. Осыған орай, есейгені күні «Қорқыт ата» мемориалды кешенінің жанынан көшпелілер өмірінен хабар беретін этноауыл ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин қатысты.

«Қорқыт ата» мемориалды кешені мен «Байқоңыр» ғарыш айлағы – халықаралық көрме барысында шетелдік қонақтар қызығушылық танытатын орындар қатарында. Бірі еліміздің болашаққа бағытынан хабар берсе, бірі тамыры тарихымыздан сыр шертеді. Бүгінде әлем Сыр өңірін жұлдызды қаласы арқылы таниды. Себебі, «Байқоңыр» – бренд. Ал түркі жұртының абызына арналған «Қорқыт ата» кешені түйс халықтарды жақындастыра түсетін киелі жерге айналуы қажет. Осы орайда кешен жанынан ашылған этноауылдың маңызы ерекше. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өткенімізді еске салатын орынның ашылуымен құттықтады.

– «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында Қармақшы жеріндегі кешенге келген туристер қазақтың мәдениетімен, дәстүрімен танысатын болады. Халқымыздың өнері, музыкасы, өмір салты қандай болған деген сауалдарға шетелдіктер осы жерден жауап табады. Мемлекет басшысы көрме аясында

Астана маңында этноауыл мен экоауылдан тұратын беделу құруды ұсынған еді. Біз де осы мақсатта ұлттық салт-дәстүріміздің өміршең үлгісін ұсынып отырмыз. Бұл – тарихы, мәдениеті бай халқымыздың ұлттық құндылықтарын ұлықтаудың жолы. Бұл Сыр өңірінің мәртебесін биіктетеді, – деді аймақ басшысы.

Этноауылда келушілердің көп алдымен көзіне ілігетін жағалай тігілген киіз үйлер. Туристер әрбіріннің ішіне кіре отырып, салт-дәстүрімізбен танысады. Бірінде ағаш бұйымдар қойылса, бірінде шеберлер қолдан киіз құмыра жасаудың әдістерін көрсетеді. Арал, Шиеді аудандарынан және Қызылорда қаласынан келген шеберлер көпшілікті киіз өнімдерімен таныстырды. Сонымен бірге, ұлттық тағамдар да ұсынылған. Шиеділік Мая Қалжанова киіз үйдің ішкі бұйымдарын жасаушы шебер. Ол ұлттық нақыштағы өнімдерімізді көргісі келетін шетелдіктердің көп екенін айтты. Қазір тапсырыстың да саны артууда екен. Жақын арада Астанадағы көрмеге киіз үйдің ішкі жасауларын түгендеп жібермекші. Анасынан үйренген бұл өнерін бүгінде барышына дәріптеп келеді.

Шетелге шыққан адамның барған жерінен естелікке сыйлық ала қайтатынын әлеті болады. Бұл жергілікті көсіп иелерінің кәсібін жүргізеді. Түрлі кәдесый мен композициялық мүсіндерді сатуды табыс көзіне айналдыруға болады. Этноауылда бұл да қарастырылған. Келушілер ұлттық нақыштағы түрлі бұйымдарды естелікке сатып ала алады.

Сондай-ақ, этноауыл ойында дәріптелеін айналым. Келушілер жауырынды жігіттердің қазақша күресін, балалардың асық ойынын тамашалайды. Одан бөлек теңге ілу мен аударыспақ арқылы көшпелілердің ат үстіндегі өнері көрсетілген. Сонымен бірге, қыз-жігіттердің алтыбақан басындағы сауығы да туристерді таңдандыратыны сөзсіз.

Облыс әкімі кешен басындағы суретшілер көрмесін тамашалап, этноауылды түгел аралады. Шара барысында арнайы концерттік бағдарлама ұсынылды. Қармақшылық өнерпаздар халықты жырмен сусындатып, көмейден ән тоғитті. Бұл өрісті өнердің кереметін алдағы уақытта туристер де тыңдайтын болады.

Елордада өтіп жатқан ЭКСПО-2017 көрмесін қазірдің өзінде миллионға жуық адам тамашалапты. Болжам бойынша алдағы уақытта келушілер саны еселеп артап. Осы орайда туристерді тартудың тың әдісі саналатын этноауыл да қонақтар қарасын көбейтуге септігін тигізеді. Көшпелілер мәдениетіне қызыққан шетелдіктер қолдан жасалған қазақ ауылына ат басын бұрса, тарихымызбен, баба рухымен бір тыныстап қайтатыны сөзсіз.

**Мәлі ҚҰРМАНӨЛІ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).**

ЖАМАҒАТҚА АУЫЗАШАР БЕРДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде ауызашар берді. Ақшам намазына азан оқылған соң дәстүрлі дастарханға ардагерлер мен облыс имамдары, мүмкіндігі шектеулі жандар мен тұрмысы төмен отбасы мүшелері, өңірдің дамуы үшін түрлі салада еңбек етіп жүрген азаматтар келді.

Жиылған жамағатқа ауызашар дұғасын Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының өңірдегі өкілі, облыстың бас имамы Талғат қажы Омаров оқыды. Мұнан кейін облыс басшысы ауыз бекіткен жандарды қасиетті аймен, Қадір түнімен құттықтап, жылы лебізін жеткізді.

– Қадірлі жамағат, қасиетті Рамазан айы мұбәрәк болсын! Қадір түнінде Жаратқаннан сұраған тілек-ниеттеріңіз қабыл болсын! Бүгінгі Қадір түнінде мен де өз тілегімді жеткізіп келеді. Ел Президентінің «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған ой-толғамдары қазір қоғамда қызу қолдау тауып отыр. Елбасының осы мақаласында ысырапшылықтан, астамшылықтан сақтанып, масылдыққа, данғойлыққа жол бермеу керектігі айтылады. Біздің

халқымызға ең қажеттісі – ұстамдылық, қанағатшылық, білімділік, қарапайымдылық деген еді. Тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстайтын жастарға бұл керек қасиет. Өйткені, өскелең буын халқымыздың асыл арманы мен үкілі үмітін жалғастырады.

Жастарымыз ата-дәстүріне адалдық танытып, қалыптасқан дәстүрімізді ұштастыра білсе, біз алдымызға қойған мақсат-міндеттерімізге жетеміз. Елбасы «XXI ғасыр – қазақ халқының алтын ғасыры болса екен деп армандаймын» деген болатын. Баршаңыздың ізгі ниет-тілектеріңіз қабыл болсын, – деді облыс әкімі.

Ауызашарда еңбек ардагері Сәнімгүл Желдербаева, ақындар Заматдин Ибадуллаев пен Шәкізат Әбдікерімов жиналған көпшілікті қасиетті Рамазан айымен құттықтап, Қадір түнінде ниет еткен жандардың тілегі қабыл болуына тілектестік білдірді. Қадір түнінің адамзатты бірлікке, бауырмалдыққа, ата-ананы құрметтеуге, жақсылыққа шақыратын рухани сәт екендігін жеткізіп, ғибабатты әнгімелер айтты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● МИНИСТР ЕСЕБІ

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҒҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Кеше ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев министрлік қызметінің нәтижелері мен мемлекетімізде жүзеге асырылған реформалар, әлеуметтік-экономикалық даму және Стратегиялық жоспардың негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді жайында есеп берді. Жиында Д.Абаев отандық БАҚ, соның ішінде мемлекеттік телесарналарды жаңғырту шаралары жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Министрдің айтуынша, бүгінде отандық телесарна контенті шетелдік стандарттарға сай дамып келеді. Сондай-ақ, ол «Хабар 24» арнасының маңызды ақпараттарды жеткізумен айналысатынын атап өтіп, ұлттық арнаны да осы бағыттағы ақпараттарды тарататын талдау форматындағы телесарна деп бағалады.

– Наурыз айында отандық фильмдерді көрсететін «Еларна» жана арнасы іске қосылды. Бүгінгі таңда қазақстандық сериалдарға қызығушылық артауда. «НД» форматындағы телевизияны дамыту мәселелері де қарастырылуда. Шалғай

аудандардағы цифрлық телевизия мәселелері қолға алынып жатыр. Бүгінде республика елді мекендері 77 пайызға цифрлық телевизиямен қамтылды, – деді Д.Абаев.

Есепті кездесуде ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі 2020 жылға дейін ұялы байланыс пен интернетке қолжетімділік мәселелерін қолға алу жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. 1900 ауылдық елді мекен жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Азаматтарға арналған үкімет қызметінің қолжетімділігі туралы мәселеге байланысты шалғай аудандарда 70 мобилді қызмет «Казпочтамен» бірлескен жобаларды жүзеге асыруда. Министр қазіргі таңда БАҚ-тағы үлкен мәселе сенсациялық жаңалықтардың порталдар мен электронды ресурстарда көптеп көрініс тауып жатқанын атап өтті. Электронды БАҚ өз рейтингісін жоғары ұстау үшін қайғылы жағдайға ұшыраған, зардап шеккен, зорлыққа душар болған адамдар, балалар туралы жеке ақпараттарды жариялайды. Осы орайда моральдық құндылықтар ұмытылатынын жеткізді. Сонымен бірге, қазіргі

интернеттегі ақпаратты сұрыптау мен іріктеу мәселелеріне министр өз есебінде ерекше тоқталды.

Есепті кездесуді онлайн режимде тыңдаған еліміздің облыстары мен Алматы қаласының БАҚ өкілдері Д.Абаевқа өз сауалдарын жолдады. Журналистерге баспаға мәселесінің берілуі туралы сұраққа министр бүгінгі таңда журналистердің көпшілігі жеке меншік ұйымдарда қызмет ететіндіктен, оларға жеңілдіктер мен тиісті бағдарламалар бойынша қолдау көрсету мүмкін болмайтынын, дегенмен, бұл бағытта жұмыстар жасалып жатқанын жеткізді. Кездесу соңында, мұнан бөлек БАҚ саласындағы өзге де мәселелерге қатысты бірқатар сауал жолданды. Ал Дәурен Абаев министрлік тарапынан БАҚ реформаларына, БАҚ туралы заңға өзгерістер келесі жылдан бастап енгізілетінін, онда журналистерді қорғау, олардың құқықтары мен деректі алудың жолдары қарастырылып қамтамасыз етілетінін мәлімдеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● ҚАЗАЛЫ ЖАҒАЛЫҒЫ

ДІН МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемұлы торғалық жасауымен Қазалы ауданында кенес өткізді.

«Дін – ұстай алсаң қауіпті, ұстай алмасаң қасіретің» деген аталы сөзбен жиында бастаған облыс әкімінің орынбасары семинарда көтерілген мәселенің өзектілігіне

ерекше тоқталды. Келесі кезекте «Зайырлы қоғам мен конфессияаралық келісім» тақырыбында баяндама жасаған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айдын Қайырұлаев бұған дейін кез келген жерде сатылып немесе таратылып келген діни мазмұндағы кітаптарға және уағыз айтуға заңмен қатаң

тыйым салынғандығын айта келе, осындай келенсіз көрініске куә болған адамның ішкі істер органдарына, ішкі саясат бөліміне хабарлауын өтінді. Басты тақырыбы діни тұрақтылықты сақтау және деструктивтік діни ағымдарға тойтарыс беру, діни экстремизм мен терроризмнің жолына тосқауыл қою, жастарды дестүрлі емес ағымдардан сақтауда мұқият болуды тапқылаған семинарда облыстық ішкі саясат басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының теологы, аға маманы Бахтияр Оспанов, Оңтүстік Қазақстан облысының дінтанушы теолог-маманы Ұлықбек Әлімбақұлы дестүр мен дін сабақтастығын және дестүрлі емес діни ағымдарды қалай анықтауға болатындығын түсіндірді.

Семинар барысында аудан әкімі Нағмадин Шамұратов Қазалы ауданы бойынша діни экстремизмнің алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды шолып өтті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Ғаиза ӘБІЛДА.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ІС

Кез келген өркениетті ел үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық елдегі жетістіктерді жокқа шығарып қана қоймай, ұлттық қауіпсіздікке де орасан зор қауіп-қатер әкеледі. Сондықтан да біз сияқты дамушы ел үшін осы зұлымдықпен күресу мемлекет саясатындағы басым бағыттардың бірі болып отыр.

Елбасымыздың ұстанған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын азаматтар арасында кеңінен насихаттау, оның алдын алу және туындау себептерін түсіндіру мақсатында облыстық ішкі саясат басқармасы да жүйелі жұмыстар атқаруда. Атап айтар болсақ, қоғамдағы ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында ең алдымен басқарма басшыларының жылдық табысын облыс әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жариялап, халық үшін жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен өтініштеріне арналған арнайы пошта жөшігін аштық. Сонымен қатар, облыс тұрғындары үшін «Сенім телефоны» (60-53-20) іске қостық.

Сондай-ақ, басқарма қызметкерлері арасында да «Мемлекеттік қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәртібі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» тақырыптағы заңдылықтар

бойынша түсіндірмелер үнемі жүргізіліп келеді.

Басқармада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында қолға алынған тағы бір кешенді шаралардың бірі – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналастыра жарияланған конкурстарды барынша объективті өткізу. Яғни, басқармада өткізіліп жатқан барлық конкурстар байқаушылар ретінде БАҚ өкілдерін, қоғамдық бірлестіктердің, уәкілетті органның, яғни Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өкілдерін үнемі қатыстырып тұрамыз.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау және алдын алу мақсатында басқарманың Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің барлығы заң аясында ашық түрде www.goszakup.gov.kz республикалық веб-порталына электронды хабарлама беру арқылы жүргізіледі. Нақтырақ айтсақ, жыл басынан 57 лот бойынша ашық конкурстар және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 19 лот бойынша конкурстар өткізілді.

Сонымен қатар, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында ақпан айынан бастап «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған «Азаматтық қоғам»

әлеуметтік қызметін ұйымдастыру» жобасы жүзеге асырылуда.

Жоба аясында 2017 жылдың 26-27 сәуірінде Жаңақорған және Жалағаш аудандарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік міндет» тақырыбында аудан тұрғындарымен кездесулер өткізілді. Шараға аудан тұрғындары, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік сала мамандары, білім және мәдениет салаларының қызметкерлері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Кездесулерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өкілдері, Жалағаш аудандық прокуратурасының өкілдері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша баяндама жасап, аудан тұрғындарының сауалдарына жауап берді. Сонымен қатар, 2017 жылдың наурыз айында Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Ясауи көшесі бойына «Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ!» тақырыбында билборд орналастырылды. Одан бөлек, «Пара беру – бас бостандығыңнан және болашағыңнан айырады!», «Даңа взяткің лишает свободы и будущего» тақырыптарында А5 форматта 400 дана стикерлер Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктер мен тұрғын үй аулаларына ілінді.

Сонымен бірге, 2017 жылдың 23-24 мамырында Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласындағы «Болашақ» медицина колледжінде «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерді қалыптастыру жолдары» тақырыбында семинарлар өткізілді.

Сондай-ақ, 19 мамыр күні қалалық мәдени және демалыс паркінде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызамыз» тақырыбында акция ұйымдастырылды. Шараға 200-ден аса қала тұрғыны қатысты. Шара барысында қала тұрғындарына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында ақпараттық жалынама таратылып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы ақпарат берілді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте басқарлаға үлгі-өнеге көрсетуде басқарма тарапынан жүйелі жұмыстар әлі де қолға алынатын болады. Біз мемлекеттің қорғайтын жолында Елбасы ұстанған саясатты насихаттап, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар туғызуды одан әрі дамытуға жұмыс істейміз.

А.АҚАЙРУЛЛАЕВ,
облыстық ішкі саясат
басқармасының басшысы.

● БРИФИНГ

ЕКІ МЫҢДАЙ ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨНДІРІЛДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаевтың қатысуымен баспасөз брифингі өтті.



жүзден астам жұмысшысына он бес миллионның үстінде берешегі бар. Атап айтар болсақ, «Минисса Үмігі» мүмкіндігі шектеулі балабақша 28 қызметкерге, «СПМК Арслан» ЖШС 5 жұмысшыға, «Н.С.С.С - КЗ» ЖШС 15 бес, «Мұнайқұрылыс» көпсалалы құрылыс фирмасы 56 адамға қарыз. Қарыздарды өндіру жұмыстары Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаментінің конкурстық басқарушыларымен жүргізілуде, – дейді Ертілеу Шынтақұлы.

Басшы айтқан деректерге сүйенсек, соңғы алты айда мекеме мен кәсіпорындарда 23 жазатайым оқиға тіркелген. Оның 10-ы еңбек қызметімен байланысты емес. Ал жұмыс уақытындағы он үш жазатайым оқиғадан 14 қызметкер зардап шегіпті. Оңтүстік орай, оның тоғызы ауыр жаракаттар алса, үшеуі мезгілісі қаза тапқан.

Өндірістік объектілердің еңбек жағдайлары бойынша үш кәсіпорынның 386 жұмыс орнына аттестаттау жүргізілген.

Еңбек саласындағы бақылау басқармасы осы жылдың өзінде 452 жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарап, заңға сәйкес жауаптар берген.

Сонымен қатар, «Ужымдық шарт жасасандар!» акциясы аясында алты мыңның үстінде мекеме, кәсіпорындардың ұжымдық шарттары тіркелген.

Е.АЙДАРБЕК.

ЖАСЫЛ АЛАҢ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Қызылордадағы Г.Мұратбаев атындағы орталық стадионның қосалқы футбол алаңы тамыз айында жаңа кейіпке енеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жақсылық Оспанов онда 2200 орындық трибуна қойылып, аудитория кеңейетінін айтты.

Айта кетейік, Қазақстанның кәсіби футбол лигасы бұған дейін Премьер-лига ойындарын өткізуге жасал алаңның жағдайы келмейтінін мәлімдеген болатын.

Басқарма өкілі брифингте биыл 5 айда салада атқарылған жұмысқа тоқталды. Жүйелі түрде дене шынықтырып, спортпен шұғылданыптар саны 26,4 пайызға артқан. Жыл соңына дейін көрсеткішті 27 пайызға көтеру міндеті тұр. Соңғы 3 жылда облыста 9 спорт кешені іске қосылды. Биыл 7 елді мекенде осындай нысандар салынып жатыр. Қала көшелерінде спорттық құрылымдар қолжетімді болуы тиіс. Осыған байланысты Ұлттық олимпиадалық комитеттің қолдауымен 4 «стрит воркау» алаңын

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында «Қазақстанның үздік тауары» облыстық көрме-байқауына арналған брифинг өтті. Жылда палата сарапшысы Гүлдана Танатова орталық алаңда ұйымдастырылатын байқаудың өткізілу тәртібі жайында БАҚ өкілдеріне баяндады.

Айта кетейік, 2015 жылдан бері «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауын ұйымдастырып келеді. Дестүрлі байқауда жергілікті кәсіпкерлер де топ жаруда. Быыл «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлар» сияқты 3 номинация бойынша өтеді. Былтыр екі кезең бойынша ұйымдастырылған дестүрлі шараға өңірдегі 17 кәсіпкер қатысып, оның 9-ы республикалық көрме-байқауға жолдам жөніп алды. Өткен жылы Астанада өткен орталық көрмеге еліміз бойынша 144 кәсіпкер өз өнімін ұсынаған болатын. Естеріңізде болса, «Сыр Маржаны» ЖШС ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Іскер» номина-

циясына ие болды. Ал ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына аймақтан үш компания қатысып, «Қазгермұнай» ЖШС-ның басшысы Медет Қарім марапатталды.

Сырбойлық спортшылар биыл да талай долада топ жарып, әдеттегі жолынан жаңылмасқан жоқ. «Жыл басынан бері аймақ спортшылары халықаралық сайыстарда сәтті өнер көрсетіп, Азия және Өлем чемпионаттарында 7 алтын, 10 күміс, 8 қола медаль алды», – деді Ж.Оспанов. Жетістіктердің ішіндегі қомақтысы – мөнерлеп сырғанаушы жерлесіміз Әлізбет Тұрсынбаеваның VIII қысқы Азия ойындарында қола жүлдеге ие болғаны.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ҮЗДІК ТАУАР КӨРМЕ БАЙҚАУЫ

циясына ие болды. Ал ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына аймақтан үш компания қатысып, «Қазгермұнай» ЖШС-ның басшысы Медет Қарім марапатталды.

22 маусым күні орталық алаңда «Қазақстанның үздік тауары – 2017» облыстық көрме-байқауы өтеді. Кәсіпорындар қызметінің белсенділігін арттыруға бағытталған байқауға облыс бойынша 21 кәсіпкер қатысады. Ал «Алтын сапа» сыйлығына 3 кәсіпкер иелі боліріп отыр. Гүлдана Танатоваының айтуынша, осыған дейін аталған шараларға қатысты кәсіпкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қатысушыларға қойылатын талап та жоқ емес. Үміткерлер кәсіпорының жұмыс жасап тұрғанына кем дегенде 2 жыл болуы қажет. Сондай-ақ, олардың өнімінде өткен жылға қарағанда өсіп болуы міндетті. Былтыр бірінші кезең бойынша бақ сынаған кәсіпорын иелеріне былғыз бәсекесіне қатысуға мүмкіндік берілді. Ал өткен жылы республикалық деңгейде өз өнімдерін ұсынаған іскер азаматтар 4 жылға дейін байқауға қатыса алмайды.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

EXPO
2017
ASTANA
FUTURE ENERGYАРДАГЕРЛЕРДІҢ
АЛҒАШҚЫ ЛЕГІ
КӨРМЕГЕ
АТТАНДЫ

Дүйсенбі күні облыс ардагерлерінің алғашқы легі Елордадағы «ЭКСПО-2017» көрмесіне аттанды. Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымтық болуымен жаңақорғандық және шиелілік 50 ардагер облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қоғамдық келісімді нығайту жобасы аясында жолға шықты. Осы жоба бойынша маусым-тамыз айында аймақтың 250 тұл және еңбек ардагерлері Астана қаласының тарихи, көрнекті жерлеріне саяхат жасайды. Оның ішіне «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін тамашалау да кіреді. Ақсақалдардың жол жүру, қонақ үй, тәулік шығыны аталған жоба аясында қарастырылған.

Алғашқы топты облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов құқық қорғау, ауылшаруашылық, медицина, білім, мәдениет және басқа да салаларда еңбек етіп, зейнетке шыққан ардагерлерге жылы лебізін білдіріп, бас қалаға аман-есен барып-қайтуларына тілек қосты.

Елордада жол тартқан топ ішіндегі жаңақорғандық тыл ардагері Зияқұл Әбубәкірова Астанаға алғаш бара жатқанын және Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесінен көңіліне көп нәрсе түйіп келетініне куанышты.

Осы күні Сырдария ауданының 94 оқушысы да ұстаздарымен «ЭКСПО-2017» көрмесіне аттанды. Сырдария аудандық білім бөлімінің әдіскері Жанна Нұрғазеева ауданға қарасты ауыл мектептерінің ЭКСПО-ға бара жатқан 3 және 10-сынып оқушылары жауапты адамдармен қамтамасыз етілді, – деді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



● КӨРМЕ ӘСЕРЛЕРІ

ЕСТІГЕННЕН,
КӨРГЕН АРТЫҚ

– Көрменің ішіндегі ең көріктісі де еңселсіз де еліміздің павильоны екен. Себебі, сфера пішінде павильон 8 қабаттан тұрады. Диаметрі – 80, биіктігі – 100 метрге жуық. Ең жоғарғы сегізінші қабатта Астана болашақтың қаласы ретінде көрсетілген. Ал, жетінші қабатта – ғарыш энергиясы, алтында – күн энергиясы, бесте – жел энергиясы, төртте – Жер шарының биомассасы, үшінші қабатта – киберэнергетика болса, екінші қабатта су энергиясының мүмкіндіктері көрсетілген. Яғни, энергияның барлық түрі қамтылған. Ең бірінші қабаттада Қазақстанның ұлттық құндылықтарын насихаттайтын көрме орын тепкен.

Сондай-ақ, әр қабаттағы көрмелердің тақырыбы жан-жақты. Сегізінші қабатқа шығып, еденмен жүргеннің өзі құлды бір ұшып жүргендей әсерде боласын. Алтыншы қабаттағы күн энергиясын көрсету үшін ұйымдастырушылар көкөтті күннің жарығын жеткізетін, қып-қызыл экзопот орнатқан. Осыныанша мол әсер беретін көрменің құдіреттілігіне таңамаша болдым. Сондықтан, «EXPO жайында көп естігеннен, бір көрген артық» боларына байлам жасадым.

Жалғасбек МЫРЗАТАЙҰЛЫ,
зейнеткер.
Қызылорда қаласы.

АЙШЫҚТЫ СӨТ

Жуырда еліміздің бас қаласында көптеп күткен халықаралық көрменің шымылдығы түрді. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға өзім де куә болдым. «EXPO-2017» көрмесінің ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтіп, ұмытылмайтын әсер сыйлады. Сфера үстіндегі шоу – лазерлерді, проекцияларды, шамдар мен музыканы қамтитын таңғалдырарлық сәуелер және фонтан шоуы тіпті көз тартады. Бұл күнде Астана «жасыл экономика» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технологиялар мен инновациялар алаңына айналған. Ел ордасының абыройы асқақ, мерейі үстем. Өрине, бұл жетістік әрбір қазақстандықтың көңілін шаттыққа бөлеп, жүрегіне қуаныш ұялатыныны сөзсіз.

Көрме Орталық Азия өңіріндегі ғана емес, ТМД аумағында өткізілетін алғашқы халықаралық көрме ретінде ерекшеленеді. Біз бұл бірлесіп бүкіл ТМД кеңістігін, бүкіл түркі дүниесін, бүкіл мұсылман әлемінің арасынан бірінші болып қол жеткіздік. Жалпы, «EXPO»-ны өткізген мемлекеттер бүкіл Азияның өзінде сәуаскен санарлық. Мәселен, көрме өткізу тәжірибесі бар Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты алпауыт елдер қатарын Қазақстан толықтырды.

Еліміз үшін айтулы халықаралық шараны абыроймен және ұйымшылдықпен өткізудің маңызы жоғары. Бұл – бірміз үшін сын әрі зор жауапкершілік. «Өзеге қара, өзінде барды да көрсет» дейді. Тәуелсіздігі тұғырлы, мәртебесі асқақ Қазақстанның паш ететін жетістігі баршылық. Осы ретте «EXPO-2017» көрмесі таптырмас мүмкіндік.

Ақсұр БӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласы.КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫ
ЖАЙЫН КЕҢЕСТІ

Облыс әкімдігінде «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Б.Канешов және департамент директоры Ж.Нұрланов бастаған компания өкілдері облыс әкімінің орынбасары Е.Г.Киммен кездесті.

Кездесуде Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті туралы, сондай-ақ отандық және шетелдік инвесторлармен қарым-қатынас барысында аймақтағы мемлекеттік органдардың тарапынан қажетті кеңестер беріліп, қолдау көрсету мәселесі талқыланды.

«KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Мемлекет басшысының тапсырмасымен экспорт және инвестиция жөніндегі ұлттық агенттігі негізінде құрылды. Ұлттық компанияның басты міндеті – Қазақстан Үкіметі атынан мақсатты трансұлттық компаниялар мен ірі инвесторлар арасында әріптестік келіссөздерді жүзеге асыру. Ел экономикасына инвестиция тарту және экспорт көлемін ұлғайту бағытында аймақтардағы индустриялық-инновациялық жобаларға мемлекеттік қолдау шараларын үйлестіреді.


Кездесу барысында «KAZAKH INVEST» өкілдері өңірдегі инвесторлар тартып, кәсіпкерлік жобаларды қолдау және осы бағытта мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар жөнінде кенес беру бағытында жергілікті атқарушы билікпен бірлесіп жұмыс жасайтын кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының жұмыс барысымен танысты.

Сондай-ақ, Ұлттық компания өкілдері ІІ халықаралық интернет-конференцияға қатысты.

Ғ.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

Қызылорда облыстық, қалалық
және аудандық мәслихаты
депутаттарының назарына!

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы тандаушылардың бірлескен отырысының өткізілу уақыты сағат 11.00-ден сағат 10.00-ге өзгертілгендігін хабарлайды.



Ақын-жазушы дегендер құдай бері салған бір қызық халық. Айналасындағылармен қарым-қатынаста бола жүріп, таныс-бейтаныстармен де, тіпті өзінің ойында шығарған кейіпкерлерімен де бірге «күліп-ойнап», енді бірге олармен «сұхбаттасып» дегендей, неісе түрлі қысапсыз оқиғаларды ойлап тауып, айнала тоңіресті суреттеп, көп-көп жайларға патша көңілі көнімей, мазасы болмай, ой кешіп, басы ісіп жүргені. Тірілігі толастаймай тұрған бұие жарықтың күнгейі мен көңексінде өзіндей өзекті пенделермен осылай кездесіп, олармен бірге шаттанып, бірге мұңайып қайырады; кейде соларға қосылып жылап алатын жазушылар да болған бұл жалғанда. Дауа жоқ бұларға.

Сағат таңғы бестің шамасында телефон шырылдап қоя берді. Тұтқасын көтерсем, өзіміздің Адам Мекебаев. Алматыдан звондап тұрған. Бірден айтқаны: «Насос пен канализация дегеннің қазақшасын анып жіберші», – деп.

Мен қапемілде не дерімді білмей іркіліп қалдым. Сонан соң: Әй, Адам, саған не болды?

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ

ДЕТДАРАЛАР

(Кііз кітаптан)

Сол айдай Алматыдан насос пен канализацияның қазақшасын білетін біреуді таба алмадың ба? Бұл не, амамдық-саулық жөк, дегенімше болмады. Ол: «Әй, сен де бір...» деп телефон тұтқасын тастай салды.

Содан келіншегіміз екеуіміз кешке дейін күліп жүрдік. Айтамыз да күлеміз, айтамыз да күлеміз. Күн – демалыс еді. Шамасы, ерте тұрып, қаламын жорғалатып отырған болса керек.

Өне, жазушы деген пенденің осындай да бір қылығы бола береді.

Емханаға келіп, дәрігердің қабылдауын күтіп отырған үш арыстың бірі: «Менің инфарктым ғаламат ауыр болды. Глубокий деген түрі екен» дейді. Екінші кісі де: «Глубокийің не, менікі широкый деген түрі екен» деп, одан да асып түскен. Ол екеуінен үшінші құрдас қалсын ба: «Әй, сендер де қайдағы жоқты айтпады екенсіңдер. Сол глубокийі, широкый деген де инфаркт болып па? Инфаркт деп мына менің инфарктымды айт!» деген екен кәдімгідей киналған болып.

Содан глубокийі мен широкыйі екеуі қосарлана: «Ей, сенікі қандай инфаркт қаңғып жүрген?» деп анттарығанда, анау: «Ойбай, менікі глубокийің де глубокийінен өткен, широкыйің де широкыйінен өткен обширныйдың обширныйы екен» депті. Бұл үшеуі: Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Садықбек Адамбеков болатын. Ауырып жүрсе де әзілдері қандай. «Обширныйдың обширныйын алған» шамасы, глубокийі мен широкыйінен де асырып айтқан Салдықбек Адамбеков ағамыз болар.

Көзіқарақты зиялыларымыз ұлы кеменгер Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын уақытында қазақ халқы тарихының тұтас бір ғасыр кезеңін (XIX ғасыр) көркем суреттеген шығарма деп негіздеген еді. Кейін әдебиетіміздің алтын қорына Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және «Сонғы парыз» романдары қосылды. Бұл жолы зиялы қаламгерлер жазушының осы соқталы туындыларын халқымыздың XX ғасыр кезеңін тұтас көркем кескіндеген деп бағалады. («Жас Алаш» басшылығынан).

Советтік дәуірде осындай еңбегі ерен дарындылар диссертация қорғатпай-ақ ұлттық ғылым академиямыздың мүшелігіне қабылдау үрдісі болған. Айталық, Ғ.Мүсірепов пен Ғ.Мұстафин. Кешегі күні Әбдіс те сондай құрметке бөленді. Академияның толық мүшелігіне бірден-бір лайықты тұлға Ә. Нұрпейісов еді.

Ал кейінгі буыннан Әбіш Кекілбаев, Қабдеш Жұмаділов, Софы Сматаев, Мұқтар

Мағауин әдебиет орбитасында дараланып танылды. Ойырмай, бұлар негекен сарқылмайтын таланттар еді?! Қандай-қандай ерелі туындылар жазған?! Зерделеп көрсек, осы төрт алып қырық қатпарлы шығармаларында халқымыздың тұтас бес ғасырлық тарихын баяндап берген екен. Академия академиктері Қабдешті, Софыны, Мұқтарды өздерінің қатарына нақ бүгінгі тұста уақыт оздырмай Ғ.Мүсірепов айтқан алыптар тобына қабылдаса, бұл академия тарихында тағы бір айтулы оқиға болып қалар еді. Бұл марғасқалардың өздері бір-бір академия ғой.

Дәстүрді жалғастыра беру керек еді.

Жалпы оқырман қаламгерлер туралы не ойлайды? Әлбетте, біреудің ойындағысын біреу біліп бола ма? Ақиқаты: қаламгерлердің жаратылысы былайғы пенделерге жұмбақ. Мадридке жолы түскен Эрнест Хемингуэй сондағы бір қонақүйде тұрып жатады. «Қанішер», «Он үндіс», «Бүгін күн жұма» деген үш әңгіме жазды. Содан әрі шаршап, әрі тонып отырған үстіне даяшы одан не жазғанын қызығып сұрайды. Э.Хемингуэй шаршап отырғанын, енді жатып демалғысы келетінін айтқанда, даяшы: «Брунда! Неужели, Вы, Эрнест Хемингуэй, устали после каких-то трех жалких рассказов...» деген көрінеді.

Міне, осы ғәптің өзінен-ақ жазушы деген кісінің жаратылысы, оның жағдайы туралы көптің не ойлайтынын, көркем шығарма табиғатын қалай түйсінетінін жөнінде шамалай беріңіз...

Шукшин қалай тауып айтқан?! Және, нағыз эстетке тән астарлап әдемі айтқан: «Бір адам жазушы болуы үшін кемі жүз адам жазып көруі керек» депті сол ойшыл. Демек, жүз адамнан – бір жазушы. Рас, табиғат талантқа

саран. Шукшин соны меңзеген. Оның осы ойы біздің дана бабаларымыздың «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген полсапасының дәл төбесінен деп түскен. Сонда деймін-ау, жүздің тоқсан тоғыз орталарынан тек біреуін ғана оздыратын болғаны ғой. Мысалы деп айтсақ, өткен жүз жылда Сыр бойы қаламгерлері ортасынан дараланып тек Әбдіжәміл Нұрпейісов қана шыққан екен.

Бельфастқа жоласушылар барған армян жазушысы Вардгес Петросян қала тұрғын-табылдырығын аттайтын болсам, әрқашан өзіммен бірге қасиет тұтып ала жүретін екі асылым бар. Бірі «Манас» және Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы» деген екен.

Осылай деп жан жүрегің жарып айтқан Айтматовты, қоғамдық ситуация өзгерген тұста, мінеп-сынаушылар төбе көрсете бастады. Өздерінше болып-толғандар: «Айтматов – совет идеологтары дайындаған миф» деп ғайбаттады (Тіліңізді қалмаға келтіріңіз). Ал біз білерде, олар кезінде Айтматовтың табанын жерге тигізбей көкке көтеріп жабыла қамтаған болатын. Оның «Жәміла» хикаясына еліктеп, солықтап, лирикалық шағын повестер жазғандарын да білеміз. XX ғасырдың жетпісінші жылдары «Адамзаттың Айтматовы» деп пір тұтқандар да болды.

Дәуірінің заңғар жазушысы болып жаралған Айтматовты өйтіп бекерге ғайбаттағанда, олар оның туындыларын көркем әдебиеттің бетін енді-енді ашуда тапылына бастаған балауса таланттарға ұғындырып насихаттай берсек, одан ұтпасқа ұтылмас едік-ау.

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ



Сыр бойындағы асарлардың тарихы өткен ғасырдың орта шенінен бері зерттелгенімен, құм құдағындағы мекендердің құпиясы әлі күнге дейін толық ашылып біткен жоқ. Біз Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжесевтің көмегімен қазба жұмыстары жүргізілген асарлар туралы деректерді оқырмандар назарына ұсынуды бастаймыз.

ҚОСА САР



бірлесіп, өзіндік ерекшелігіне қарай Шіркейлі Қосасарын қазба жүргізетінін нысан ретінде таңдап алды.

Шіркейлі Қосасарын Сырдария ауданы, Н.Лисов ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 5,5 шақырым жерде орналасқан. Археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Шіркейлі Қосасарын б.з. V-IX ғасырларда өмір сүрген деп мерзімделді.

Бұл асар С.Толстовтың классификациясы бойынша үшінші асарлар тобына жатады, яғни мықты қорғаныс жүйесі бар, сонымен қатар ішінде көптеген әртүрлі тұрғын үй құрылыстары бар қамалдар. Қала алып дуалмен қоршалған. Дуалдың сақталған биіктігі бүгінгі таңда 3-4 метрді

құрайды. Қамалдың ішінде, шығысы мен батыс бөлігінде құрылысы жағынан ұқсас екі асар (бекіністі үй-жай) орналасқан. Археологтар бұл үй-жайларды шартты атауларына сәйкес кіші үйді – Қосасар I, үлкен үйді – Қосасар II деп атаған. Сонымен қатар, Қосасар II-нің оңтүстік бұрышынан шығысқа қарай 60 метр жерде, қаланы қоршап тұрған дуалдың ішкі бөлігінде жоспары төртбұрышты үшінші құрылыс (төрткүл) орналасқан.

Қосасар I қаланың шығысында тұр. Асар екі қабаттан тұрады, шығысындағы екінші қабаттың жоспары шеңбері, ал астыңғы үлкен құрылыстың жоспары алтыбұрышты келген. Қосасар II Қосасар I-ден батысқа қарай 500 метр жерде,

жалпы қаланың батысында орналасқан. Бұл асар да екі қабаттан тұратын құрылыстан салынған. Үй-жайдың ұзындығы 60 метрге тең қорғанысты жүйесі бар жеті қабырғасы құрылыстың жоспарын көпбұрышты етіп құрап тұр. Биіктігі 5-6 метр. Бұл асардың да шығыс бөлігінде жоспары сақталмаған үстіңгі құрылыс орны бар. Асардың оңтүстік қабырғасында қақпаның ізі байқалады.

Төрткүлдің қабырғаларының биіктігі 3-4 метр, қалыңдығы 2-2,5 метр. Оңтүстік бұрышында жоспары төрт-бұрышты құрылыс бар. Ал қалған бұрыштарында диаметрді 3-3,5 метр мұнаралары бар. Шіркейлі Қосасары құрылысы жағынан Алтын Асарға ұқсас келеді. Онда да үлкен және кіші үйлер мен жоспары төртбұрышты «керуен сарай» орналасқан.

Далалық маусымда табылған жәдігерлер бойынша Шіркейлі Қосасары қалашығының беткі құрылыс қабаты IX ғасырға дейін өмір сүрген деп айтуға мүмкіндік береді. Шіркейлі Қосасары қалашығының табылған негізгі археологиялық материал – керамика. Қиш ыдыстар барлығы дерлік жап-сырмалы әдіспен жасалған. Тек беткі қабаттан табылған бірнеше керамика фрагменттері ғана көзеші шарғында дайындалған. Өрнектелген ыдыстар аз, геометриялық өрнектер, ойып жасалған және мөрленген зер түрінде кездеседі.

Керамикалық материалдарға қоса сүйектен (бұғы мүйізін) жасалған бұйымдар, белдік доғасы, шыны бұйымдар, қола қазан тұтқасы, кішкене қола қонұрау, қайрақ тастар және мыс тыңдар табылды. Шіркейлі Қосасары қалашығының керамикалық кешенін IX-XII ғасыр деп мерзімдеуге және оларды жетісарлық және Жанкент қалашығының оғыздық керамикаларына жақындығын көрсетуге болады.

М.МЕРЕЙ.

ЖАС МАМАНДАР САЙЫСЫ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Тіл шебері – 2017» атты байқау өтті.

Облыстық сайысқа 21 мен 29 жас аралығындағы 6 мемлекеттік қызметші қатысып, үш тіл бойынша – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім-біліктерін таразыға салды. Осы байқауға біздің әріптесіміз, облыс бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ЗК-169/1 мекемесінің арнайы контингент арасында тәрбие жұмысын жүргізу бөлімінің теологиялық оңалту тобының инспекторы Қайрат

кандидаты А.Абасилов басқарған қызылорда алқасы бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Қ.Баламағанбетов жүлделер атынып, республикалық байқауға жолдаманы жеңіп алды. Байқауға қатысушы әріптесіміз Қайрат Пазылов «Алғыс» хатпен марапатталды.

Дана ДОСТАНОВА, облыс бойынша ҚАЖ департаментінің маманы.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Сыйбалас жемқорлықты болдырмау, оның алдын алу – заман талабы. Бұл, әсіресе, мемлекеттік қызмет саласында күн тәртібінен түспейтін мәселе болуы тиіс. Сондықтан да бұл бағытта ұдайы арнайы іс-шаралар өткізіліп тұрады. Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіндегі «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру мақсатында өткізілген техникалық оқу осындай кезекті іс-шараның бірі болды.

Аталған заң 2015 жылдың 18 қарашасында №410-V реттілігімен қабылданды. Бұл заң бойынша сыйбалас жемқорлық жасаған тұлға өмір бойы мемлекеттік лауазымға орналасу құқығынан айырылады. Сыйбалас жемқорлық қылмыстар бойынша мүлкіт тәркілеу көзделген. Техникалық оқу барысында қызметкерлерге «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптары терең түсіндіріліп, жемқорлыққа итермелеуі мүмкін себептері талдап айтылды және олардың заң алдындағы жауапкершілігі барынша жете жеткізілді.

Осындай қоғамдық дертке қарсы мәдениет деңгейін арттыру мақсатында сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жазалау мерзімі, жемқорлық фактілері жөнінде хабарланған адамдарды көтермелеу шаралары, пара алушы мен пара берудің жазаланатындығы жөніндегі ақпараттар департаменттің хабарландыру тақтайшасында орналастырылды.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

«ҚУҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ «МҮЛДЕМ» ТӨЗЕМШІЛІКТІ БІЗБЕН БІРГЕ ҚАЛЫПТАСТЫР!»

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызмет көрсету заңнамасындағы бұзылу фактілері бойынша:

Сенім телефоны: 8 (7242) 70-25-20

Сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактілері бойынша

Сенім телефоны: 1424

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Facebook.com әлеуметтік желісіндегі «Мемлекеттік қызмет істері Қызылорда» ресми парақшасы

kyzmet.gov.kz

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс №1.

ТҮРГЫНДАР НАЗАРЫНА!

22-23 маусым аралығында Қызылорда облысында ауа райы 40 °C ыстық болып, кей жерлерде бұршақ жауады деп күтілуде.

«Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы басшылығының азаматтарды жеке қабылдау жүргізу КЕСТЕСІ

№	Лауазымы аямадың Т.А.Ж.	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау уақыты
1	Сейітов Өркен Құрбанбайұлы	Басқарма бастығы	Жұмыс күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 16.00-ден 18.00-ге дейін
2	Құлманов Әлжан Бағандұлы	Басқарма бастығының орынбасары	Жұмыс күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 16.00-ден 18.00-ге дейін

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байсейітова көшесі, №104 «А».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Қаржы министрі Бақыт Сұлтановтың 27 маусым 2017 жылы сағ. 11-00-де Астана қаласы, Қонаев көшесі, 4, «Қазмеңаорталығы» (Киноконцерт залы – I-қабат) мекен-жайы бойынша жұртшылықпен есепті кездесуі өтеді.

Қаржы министріне қойылатын сұрақтарды мына электронды тілшілігі @minfin.gov.kz мекен-жайына алдыла жіберуге болады.

Кері байланыс үшін өзіңіздің деректеріңізді және байланыс телефон нөмірін көрсетуіңізді сұраймыз.

Сіздің сұрағыңызға жауап жұртшылықпен есепті кездесу өткеннен кейін Қаржы министрінің сайттада www.minfin.gov.kz орналастырылатын болады.

Call center: 8 (7172) 71-76-32, 71-77-74.

Барлық тілек білдірушілерді кездесуге қатысуға шақырамыз!

Менің мекені:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр газеті

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты жазғы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73 экономика - 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат - 70-00-41 жарнама - 70-00-49, 70-00-52 есепшілер - 70-00-39, 70-00-38 заңгер - 70-00-42 компьютер орталығы - 70-00-34 корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмбақ Табылбаев - 8724 38 2-34-07

Шығыс, Жанаарқа: Нұржанов Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сейсені, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күнінің №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ISO 9001:2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифицирланған.

Ақпаратқа қатысты толық ақпараттың нағыз, сенімді деректері мен ақпараттарын, жауапкершілік тұлғаларына қатысты ақпараттарды қабылдауға болады. Тел.: 8 (7242) 40-08-68

Газеттің таралымы: Бейсенбі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4/А

Таралымы 29286

Тапсырыс № 758

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ: СІЗ МЫНАДАЙ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ

САҚТАНДЫРЫЛҒАН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР ЖИЙНТЫҒЫ

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

• ЕМХАНАЛЫҚ-АМБУЛАТОРЛЫҚ КӨМЕК:

- ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КЕҢЕС
- ПРОФИЛАКТИКА
- ДИАГНОСТИКА
- ЕМДЕУ

• СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН КӨМЕК

СІЗ ЖАРНА ТӨЛЕУ ТОҚТАТЫЛҒАН КҮННЕН БАСТАП 3 АЙ БОЙЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ. 3 АЙ ӨТІП КЕТКЕННЕН КЕЙІН САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАЙТА КІРУ ҮШІН АУДАРЫЛМАҒАН ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУГЕ ТУРА КЕЛМЕК (ЫРАҚ ТӨЛЕМ МЕРЗІМІ 12 АЙДАН АСПАУЫ ТИІС)

• СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК:

- ЕМДЕУ ЖӘНЕ ОҒАЛТУ
- ПАЛЛИАТИВТІ КӨМЕК ЖӘНЕ МЕДБИКЕ КҮТІМІ
- ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ
- ДӘРІ-ДӘРМЕКТІҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР ЖИЙНТЫҒЫ